

**№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК  
«Әкемен бірге спортта»**

**Спорттық жарыс – Әке мектебі**

**Мақсаты:**

Әке мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту;  
Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы адал азамат тәрбиелеу;  
Спортқа деген сүйіспеншілікті арттыру, денсаулықты нығайту.

**Міндеттері:**

Балаларға әке тәрбиесінің маңызын ұғындыру.  
Қимылды ойындар арқылы балалардың денсаулығын жақсарту.  
Ұлттық спорт түрлері арқылы бірлікке, намысқа, шыдамдылыққа баулу.  
Әкелердің спорттық үлгісін балаларға көрсету.

**Іс-шара барысы:**

**1-бөлім: Салтанатты ашылу**

Қатысушыларды қарсы алу.

ҚР Әнұраны.

Ұйымдастырушының құттықтау сөзі.

«Әке – отбасының тірегі» тақырыбында қысқаша әңгіме.

**2-бөлім: Жылыту жаттығулары**

Әке мен бала бірге жеңіл қимыл-қозғалыс жасайды.

**3-бөлім: Спорттық эстафеталар**

«Жүгіріп жет» (бала – әке тізесінде отырып жүгіреді).

«Адалдық жолы» (әр бекетте ұлттық құндылыққа байланысты сұраққа жауап беру, мысалы, «Қазақтың ұлттық ойындарын ата»).

«Күшті әке» (әкелер гір көтереді, балалар секіреді).

**4-бөлім: Ұлттық ойындар**

«Арқан тарту» – әке мен бала команда болып қатысады.

«Асық ату» – ұлттық дәстүрді жаңғырту.

«Қаппен секіру» – қызықты ұлттық элементпен.

**5-бөлім: «Әкем – менің батырым» шығармашылық бөлігі**

Балалар өз әкелеріне арнап тақпақ, ән айтады.

Әкелер отбасылық тәрбие жайлы ойларымен бөліседі.

**6-бөлім: Қорытындылау**

Жеңімпаздарды марапаттау (грамота, алғыс хат).

«Әке – үлгі, бала – болашақ» ұраны.

**Күтілетін нәтиже:**

Балалар спортқа қызығады, ұлттық ойындарды меңгереді.

Әкелердің беделі артады, балаларға үлгі болады.

Отбасында бірлік пен ынтымақ нығаяды.

«Адал азамат» тәрбиелеудің үлгісі көрсетіледі.

Ұйымдасиырушы: Қойбағарова Э.С

### Анықтама

#### Әке мектебі аясында өткізілген «Әкемен бірге спортта» спорттық жарысы

Бұл іс-шараның басты ерекшелігі – әкенің бала тәрбиесіндегі орнын айқындау. Қазақ халқында «Әке көрген оқ жонар» деген сөз бар. Әке – шаңырақтың иесі, балаға күш-қайрат пен еңбекқорлықтың үлгісін көрсететін тұлға. Спорттық жарыс арқылы әке мен баланың арасындағы сенім мен ынтымақ нығайып қана қоймайды, сонымен қатар ұлттық ойындар мен салт-дәстүрді жаңғыртуға жағдай жасалады. Жарыстың маңызы: Әке мен бала арасындағы эмоционалды байланыс күшейеді; Балалардың спортқа қызығушылығы артады; Салауатты өмір салты қалыптасады; Ұлттық құндылықтарға баулу жүзеге асады; Жас ұрпақ адалдыққа, әділдікке, бірлікке тәрбиеленеді.

#### Салтанатты ашылу

Мақсаты – қатысушыларды бір мақсатқа жұмылдырып, мерекелік көңіл-күй орнату. Әнұранның орындалуы балаларға елін, жерін сүйуге үйретеді, патриоттық сезімін оятады. **Жылыту жаттығулары** Мақсаты – денені қыздырып, балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру. Әкелердің бірге жаттығу жасауы балалар үшін үлкен үлгі болып табылады. Бұл бөлім әке мен баланың серіктестік қарым-қатынасын нығайтады. **Эстафеталық жарыстар** Мақсаты – шапшаңдық, төзімділік және бірлікке баулу.

«Жүгіріп жет» – әкенің күші мен баланың сенімін үйлестіреді.

«Адалдық жолы» – спорттық қимылмен қатар ұлттық-адамгершілік құндылықтарды түсіндіреді.

«Күшті әке» – балаларға әкенің мықтылығын көрсетіп, мақтаныш сезімін оятады.

**Ұлттық ойындар** Мақсаты – қазақ халқының дәстүрлі ойындарын дәріптеу.

«Арқан тарту» – ұжымдық бірлік пен күшті сынайды.

«Асық ату» – мергендікке, дәлдікке үйретеді.

«Қаппен секіру» – көңілді орта қалыптастырады.

Ұлттық ойындардың маңызы – балаларға өз халқының мәдениеті мен мұрасын таныстыру. **Шығармашылық бөлік**-Мақсаты – балалардың өнерін, әкеге деген құрметін көрсету.«Әкем – менің батырым» тақырыбында балалар тақпақ айтып, ән орындады. Әкелер отбасындағы рөлі мен баласына берер тәрбиесі туралы ойларын бөлісті. Бұл бөлім отбасылық құндылықтарды тереңдетуге ықпал етті.

Мақсаты – еңбекті бағалауды, әділдікті көрсету. Жеңімпаздарды марапаттау балалардың жетістікке деген құштарлығын арттырады. «Әке – үлгі, бала – болашақ» деген ұранмен аяқталуы іс-шараның мәнін толық ашты.

«Әкемен бірге спортта» спорттық жарысы – тек спорттық бәсеке ғана емес, ол балалардың жүрегіне әке образының қадірін сіңіретін, ұлттық ойындар арқылы салт-дәстүрді жаңғыртатын, ұрпақты адалдыққа, ынтымаққа тәрбиелейтін тағылымды іс-шара болды.

**Әдіскер: Саттықова А**